

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің арасындағы Шикізат, өнеркәсіп және технология салаларындағы әріптестік туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қарашадағы № 1286 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 299 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің арасындағы Шикізат, өнеркәсіп және технология салаларындағы әріптестік туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қарашадағы № 1286 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Өрентайұлы Исекешевке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің арасындағы Шикізат, өнеркәсіп және технология салаларындағы әріптестік туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.»

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                          Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                          К. Мәсімов*